

**"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім
бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі" КММ**

**Мектеп педагог-психологы
Ташетова Назгуль Булекбаевнаның
жылдық жұмыс есебі**

2021-2022 оқу жылы


Қыркүйек айында педагог-психолог жұмысының жылдық жұмыс жоспарын құрастырдым. Жылдық жоспар негізінде айлық жоспарлар мен апталық циклограмма жасадым. Мектеп педагог-психологы жұмысының нормативтік-құқықтық құжаттарының тізімі негізінде сынып жетекшілермен біріге отырып оқушылардың жеке психологиялық-педагогикалық карталарын толықтыру жұмыстарын бастадым. Сонымен қатар сынып жетекшілердің көмегімен 5-11 сынып аралығында оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізуге ата-аналардың келісімін жинау жұмыстарын жүргіздім.

Оқушылармен жүргізілген жұмыс


Қыркүйек айының жоспары бойынша 5 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама Н.Г.Лусканов әдістемесі бойынша өткізілді. Барлығы 137 оқушы қатысты.

Әрбір шкала бойынша %-дық көрсеткіштер:

- Мектепке оң көзқарас – 93,1%
- Сабаққа деген құштарлық – 79,4%
- Үй тапсырмасын орындауға ынтаның болуы – 55,7%
- Сыныптастары арасында өзін жақсы сезінуі – 87%



5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін сүйемелдеу мақсатында сынып чаттарына арнайы дайындаған бейнероликтерді ұсындым.



Бесінші сынып: тек жаңа сатыға өту ғана емес, сонымен бірге, жаңа даму кезеңі – жасөспірімдік шақ.

Бала бейімделуде қиындықтарға шалдығып жатқанын қалай түсінуге болады

1. Баланың түрі шаршаңқы, қажыған.
2. Бала жүнін қалай өткізгені туралы әсерлерімен бөлісеті көлмейді.
3. Ересектің назарын мектептегі жайттардан аударып алетуге басқа тақырыптарға бұруға тырысады.
4. Үй тапсырмасын орындағысы келмейді.
5. Мектеп, мұғалімдер, сыныптастар туралы жағымсыз пікір білдіреді.
6. Мектеппен байланысты оқиғаларға шағымданады.
7. Үйісі мазасыз. Тәбеті бузылады.
8. Тәнертең ұйқыдан әрең оянады, еңжалыққа бой алдырады.
9. Өзін үнемі нашар сезінетініне шағымданады.
10. Жұмысқа қабілеттілігі төмендейді.
11. Умытшақ болып кетеді.
12. Алғашар болып кетеді.



Баланың ойдағыдай бейімделіп келе жатқанын қалай түсінуге болады



1. Баланың білім алу барысына көңілі толады.
2. Бала оқу бағдарламасын оңай меңгеріп жатыр.
3. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде баланың өз бетінше жұмыс жасау дәрежесі жоғары, тапсырманы алдымен өзі орындап көруге тырысқаннан КЕЙІН ғана ересектердің көмегіне жүгінуге дайын.
4. Сыныптастарымен және мұғаліммен тұлғааралық қарым-қатынастарына көңлі толады.

Бесінші сынып оқушысы қандай қиындықтарға тап болады

1. Оқу жағдайының өзгеруі
2. Әртүрлі талаптар
3. Қадағалаудың жоқтығы

5 сынып оқушыларының, жаңадан келген оқушылардың бейімделу үдерісін бақылау мақсатында сабақтарына қатыстым.

«Менің отбасым - сыйластық, жарастық орнаған ортам» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.



Қазан айының жоспары негізінде 5-7 сыныптардан Дж.Мореноның әдісі бойынша социометриялық зерттеулер жүргізілді.

7-11 сыныптар аралығында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 96 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша оған қатысқан оқушылар арасында буллинг анықталмады. Оқушылар түнгі уақытта нешеден кейін ата-анасымен жүруі керек екенін ішінара ғана білетіні анықталды. Оқушыларды осы тақырыпта ақпараттандыру керектігі анықталды.

5-7 сыныптардан Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтау тесті алынды. Жекелеген оқушылардан қажеттілік бойынша Айзенктің «Психикалық күйін, қобалжу, үрей, агрессиялық деңгейін анықтау тесті» алынды.

«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 8, 9, 10, 11 сыныптардан сауалнама алу жұмыстары жүргізілді. Барлығы 270 оқушы сауалнамадан өтті. Сауалнама нәтижесі бойынша барлығы 30 оқушы бақылауға алынды. Оның 8-і психологиялық сүйемелдеу тобы, 22-сі қадағалау тобы. Барлық оқушылармен жартылай құрылымдық сұхбат және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілерімен біріге жыл аяғына дейін бақылауға алынады.

Қолайсыз өмір жағдайы 37

Әлсіз тұстары

Суицид қаупі 22,0

Заңмен конфликт қаупі 12,0

Виктимділік қаупі 28,7

30 оқушыға хаттама, әлеуметтік карта толтырылды, мінездеме жазылды.

«BilimFoundation» бағдарламасы бойынша кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу және стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу, өзін-өзі тануын жақсарту, достық қарым-қатынасты қадірлеуді баулу мақсатында оқушыларға тренингтерде бейнероликтер көрсетілді.

«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы (суицидтің алдын алу) бойынша сынып жетекшілермен ағарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар осы бағдарлама бойынша ата-аналарға да ақпарат таратылып, жеке кеңестер жүргізілді.

Социометрия нәтижесі бойынша 5 сыныптарымен түзету-дамыту жұмысы арт-терапиялық тренинг: «Өмірдің жеті кереметі!» өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында достық қарым-қатынас, өзара эмпатия дамыту.




Жоспар негізінде 10А сынып оқушыларымен «Күйзеліс және оны алдын алу жолдары» тақырыбында сұхбаттастық. Сынып оқушыларының девиантты мінез-құлқының алдын алу мақсатында өткізілді.

Стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу мақсатында 7Б сыныбымен кездесу өткізілді. Оқушылармен кездесу барысында болашақ өмірге, мамандыққа бағдар беріліп, стресс, күйзеліс, агрессияны шығару жолдары бойынша пікірлер айтылды. Оқушыларға «Өзінді тануды дәл қазірден баста» атты бейнеролик көрсетілді.



«Қауіпсіз мектеп ортасы» тақырыбында 5-11 сынып аралығында бейнеролик ұсынылды.




Агрессияны жеңу жолдарын үйрету мақсатында 8-11 сыныптардың чаттарында арнайы кітаптар оқу үшін электронды кітаптар ұсынылды.

Жоспар негізінде 5-6 сынып оқушыларынан Мюнстербергтің селективтілік пен концентрацияны анықтау әдісі бойынша диагностикалық жұмысы жүргізілді. Мақсаты, оқушылардың зейін тұрақтылығын анықтау. 5-6 сынып оқшыларының зейін тұрақтылығы және кедергілерге көңіл аудармай іс-әрекетін тиянақты орындауы қалыпты деңгейде. Зейіні тұрақсыз оқушы анықталмады. Айзенктің психикалық жағдайын өзін-өзі бағалау әдісі бойынша жекелеген оқушылардан сауалнама алынды. Нәтижесі бойынша жеке түзету жұмыстары жүргізілді.

Құндылықтарды баулитын тренинг «Сенімділік серігім», «Өмірдің жеті кереметі» тақырыбында 6, 11 сынып оқушыларымен бейнеролик көрсетіліп, түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.





Кәсіби бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға «XXI ғасыр мамандықтары» туралы бейнеролик көрсетіліп, ақпарат берілді. 9 сынып оқушыларынан Е.А. Климовтің «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы», 11 сыныптардан Голомштоктың «Қызығушылық картасы» алынып, нәтижелерімен таныстырылды, сонымен қатар мамандық таңдау, емтихан тапсыру мәселесі бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.



6, 7, 8, 9 сынып оқушыларынан темпераментті анықтайтын сауалнама алынып, нәтижесімен сауалнамаға толық жауап берген сыныптардың сынып жетекшілері таныстырылды. Сонымен қатар сынып жетекшілерге оқушыларды темперамент типі бойынша партада отырғызу бойынша ақпарат жіберілді.

Жоспар негізінде ақпан айында «Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша «Психологиялық сүйемелдеу тобы» оқушыларынан суицидтік бағытты анықтау әдістемесі бойынша сауалнама, мазасыздықты анықтау сауалнамасы алынды.


7-8 сынып оқушыларымен «Отбасы - бақыт мекені», «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем», «Өмірің өз қолыңда», «Мен жақсы көремін» тақырыптарында түзету-дамыту жұмыстары өткізілді.






Тренингтарда орта буын оқушыларына «Агрессияны қалай жеңуге болады?!», «Ашу мен агрессияны жеңу жолдары» бойынша кеңес берілді. Осы мақсатта оқушыларға электронды кітаптар ұсынылды.

Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау; интернеттің пайдалы және зиян тұстары, интернеттегі қауіпсіздік шаралары туралы мағлұматтар беру мақсатында «Қауіпсіз интернет» тақырыбында оқушылармен кездесу өткізілді.



Чаттарға соған байланысты ақпарат жіберілді.




Мамыр айында 9-сыныптармен «Менің болашақ мамандығым» профилактикалық жұмыстары өткізілді. Оқушыларға мамандық таңдау бойынша кеңестер беріліп, қазіргі кездегі қажетті мамандықтар туралы пікірлері тыңдалды.





Орта буын оқушыларының арасында қолайлы психологиялық ахуал, өзара сыйластық, достық қарым-қатынас орнату мақсатында «Ғажайып Майя және оның достары» тақырыбында тренингтер өткізілді.



Ресурс орталығы жұмысы

Мектебімізге жыл сайын келіп оқитын ресурс мектептерінің оқушыларынан бірінші күні кіріс сауалнамасы алынып, «Жүрек жылуы достықта, мейірімділікте және сыйластықта» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг өткізу барысында оқушылардың жаңа ортада өздерін жайлы, еркін сезініп, оқуға деген құштарлықтарын арттыру мақсаты алдыға қойылған болатын.





Ресурс орталығы оқушыларымен екінші аптада кәсіби бағдар беру бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушыларға мамандық таңдау маңыздылығы, қазіргі заманның ең қажет мамандықтары туралы сөз қозғалып, арнайы бейнеролик көрсетілді. Кәсіби бағдар беру мақсатында Е.А.Климовтың сауалнамасы алынып, оқушыларға нәтижелері бірден берілді.



Ата-аналармен жүргізілген жұмыс

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» республикалық бағдарламасы бойынша құжаттар ретке келтірілді. Бекітілген жұмыс жоспары негізінде ата-аналармен ZOOM платформасы арқылы онлайн жиналыстар өткізілді. Жиналыста ата-аналарға «тағдыр сақшылары» жөнінде айтылып, суицидтің белгілерімен таныстырылды.



Оқу үдерісінде пайда болған психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша ата-аналармен байланыста болып, бірлесіп жұмыс атқарудамын. Ватсап арқылы кеңес беру жұмыстары жүргізілуде.

5 сынып ата-аналарына бейімделу үдерісін жеңілдету мақсатында жадынама үлестірілді.

5 сынып ата-аналарына жадынама


- ❖ Баланызға өзіңіздің мектепте оқыған кездеріңіз туралы әңгімелеп көңіліңізді көтеріңіз.
- ❖ Сабақ үлгерімі, тәртібі, басқалармен қарым-қатынасы туралы үнемі мұғалімдермен әңгімелесіп отырыңыз.
- ❖ Өз баланыз оқитын мектептің ерекшелігін, бағдарламасын біліңіз.
- ❖ Үй жұмысын орындауға көмектесіңіз, бірақ өзіңіз орындамаңыз.
- ❖ Пәндерге деген баланың қызығушылығын арттыруға көмектесіңіз.
- ❖ Күн тәртібін реттеуге көмектесіңіз.
- ❖ Мектеп өмірінде өзгеріс (онлайн сабақ) болып жатқанда, үйде бірқалыпты, жайбарақат атмосфера орнатуға тырысыңыз.

5 сынып ата-аналарына жадынама

Негізінен бастауыш сыныптан орта буынға көшу балалық шақтың аяқталуымен сай келеді. Тәжірибе көрсеткендей бұндай кезеңді көптеген балалар өз өмірлеріндегі ең негізгі кезең деп қабылдайды. Олар өздерінің «кіші сыныптағы оқушымын» деп санамайды, және бұл кезеңді мақтан тұтады.

Егер баланыздың үлгерімі жақсы болса, өзіңіздің қуанышыңызды көрсетіңіз, кейде бұл үшін кішігірім мерекелер де ұйымдастыруға болады. Ата-ана үшін баға емес, баланың алған білімі маңызды екенін түсіндіріңіз. Сондықтан да баланызға білімнің қашан және не үшін керек екендігін түсіндірген дұрыс.


5 сыныптардағы ата-аналардың онлайн жиналысында «Оқу мотивациясы - сәтті оқудың басты шарты» тақырыбында бейімделу үдерісін психологиялық сүйемелдеуде отбасының маңызы туралы айтылып, топтық кеңес берілді.



Сынып жетекшілердің сұрауы бойынша жыл бойы ата-аналар жиналысына қатысып, ата-аналарға оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты орын алатын психологиялық өзгерістері және осы кезде баламен қарым-қатынас орнату стилі туралы ақпарат берілді.




Ата-аналар чаттарына жадынама «Буллинг, кибербуллинг, интернет тәуелділіктен сақтану» ережелері жіберілді.




Ата-аналарға жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің алдын алу жұмыстары және балалардың желідегі қауіпсіздігі» тақырыбында аудандық ата-аналар жиналысында дәріс оқылды. Ата-аналармен кері байланыс орнатылып, жеке сұрақтарға жауап берілді.



5-11 сынып ата-аналарына әлеуметтік желі арқылы Кальмар ойынының бала психологиясына кері әсері, «вейп» электрондық темекінің бала ағзазына тигізетін зияны туралы ақпараттар таратылды.

Ата-аналар чаттарына ақпаратты презентациялар, бейнематериал жіберілді. Презентацияда ойын туралы жалпы ақпарат, оның жасөспірімдердің психологиясына тигізетін зияны, ойынқұмарлықтың алдын алу бойынша кеңестер берілді.



Мектепішілік ата-аналар жиналысында 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдық есебі берілді.



Мұғалімдермен жүргізілген жұмыс

5-11 сынып жетекшілермен психологиялық көмек тренингі «Кәсіби іс-әрекеттегі күйзелістік жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктері» тақырыбында өткізілді.





Сынып жетекшілермен «Қауіп-қатер тобына жататын балаларға көмек көрсетудегі мұғалімнің рөлі» тақырыбында диагностика нәтижелері бойынша кейбір оқушылардың психологиялық күйі туралы кеңес берілді.

«Өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасының жоспары негізінде мектеп ұжымына жаңадан қосылған мұғалімдерге «Тағдыр сақшылары» тақырыбына дәріс оқылып, «суицид вахтеры» ұғымымен таныстырылды.



Сонымен қатар, мұғалімдердің арасында қарым – қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл – күйден арылту мақсатында жаңадан келген мұғалімдермен тренинг өткізілді.



Педагогикалық ұжымға «Эмоциялар мен сезімдер» тақырыбында тәжірибелік сабағы өтті. Мақсаты мұғалімдерге өз оқушысы бойынан


тұлғалық белгілер мен іскерлік сапаларды көруге көмек беру, өзінің эмоцияларын бақылай алу.



Әлеуметтік педагогпен және медбикемен жүргізілген жұмыс

Тәуекел тобына енетін оқушыларды анықтау үшін әлеуметтік педагогпен, сынып жетекшілермен байланыс орнатылды. Барлығы 4оқушы тізімге алынды. Тәуекел тобы оқушысы Әнуархан Ұланның үйіне барып, әлеуметтік тұрмысы тексерілді, анасымен профилактикалық әңгіме жүргізілді. Жалпы анықталған оқушылармен жұмыс жүргізу жыл бойына жоспарлануда.

Мектеп тәрбие ісі меңгерушілерімен және медбикемен біріге отырып, орта, жоғары сынып қыз балаларымен қыз баланың психологиялық даму ерекшеліктерін, қоғамда өзін ұстауын талқылап, тәрбиелік мәні зор жиналыс өткізілді.



Мектеп медбикесімен кеңес беру жұмысы жүргізілді, «Балалық шақтағы салауатты өмір салты - бұл өмір бойғы денсаулық кепілі!», «Менің таңдауым - салауатты өмір салты» атты кездесулер өтті, оқушыларға зиянды заттардың зардабы туралы айтылды. Атап айтқанда, соңғы кезде кең етек алған электронды темекі шегудің алдын алу жұмысы жүргізілді.


Мектеп медбикесімен «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» қыздармен сұхбаттасу жұмыстары, «Ерте жүктіліктің алдын алу» жыныстық жетілу бойынша 8-11 сыныптар қыз балалармен кездесу өткізілді.





Мектептің әлеуметтік педагогымен үлгерімі төмен оқушыларды бақылау мақсатында 5Д, 6Д, 7Б, 7В, 8Ә, 8Б, 9Ә, 9Б сыныптардың сабақтарына қатыстым. Аталған сыныптардың оқу үлгерімінің төмендеуі себебінен оқу мотивациясын анықтау жұмысы жүргізілді. Нәтижесі ата-аналар жиналысында жекелеген оқушылар бойынша айтылды.

15.11.21 күні «Педагог-психолог пен сынып жетекшінің ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастырудағы іс-әрекет» аудандық семинарында «Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингің алдын алу жұмыстары және балалардың желідегі қауіпсіздігі» тақырыбында тәжірибе алмасу мақсатында дәріс оқылды.



Мектептің әлеуметтік педагогымен жас мамандарға арналған психологиялық тренинг «Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті» өткізілді. Тренинг мақсаты жас мамандардың көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білуге үйрету, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату болды.





2020-2021 оқу жылы бойынша жұмыстың қорытындысы:

5 сыныптардың орта буынға бейімделуін психологиялық сүйемелдеу жұмысы. 5 сыныптардың орта буынға бейімделуін психологиялық сүйемелдеу жұмыстары оқушылармен, 5 сынып ата-аналары мен сынып жетекшілерімен жүргізілді. Арнайы жадынамалар мен бейнероликтер жіберілді. Оқушылардан оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы алынды.

Психологиялық диагностика бағыты. 5-7 сыныптардан Дж.Мореноның әдісі бойынша социометриялық зерттеулер жүргізіліп, шеттетілген оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. 7-11 сыныптар аралығында құқық

бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама жүргізілді. 5-7 сыныптардан Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтау тесті алынды. 6, 7, 8, 9 сынып оқушыларының темпераменті анықталды.

Алынған диагностика нәтижелері өңделіп, хаттамалары толтырылды. Және нәтижесі бойынша оқушылармен жекелеген жұмыстар ұйымдастырылды.

Суицидтің алдын алу жұмысы. «Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 8, 9, 10, 11 сыныптардан сауалнама алынып, нәтижесі бойынша ағарту, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Кәсіби бағдар беру жұмысы. 9-11 сыныптардан Е.А. Климовтің «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» алынды. Мамандық таңдауға қолдау көрсету мақсатында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары. Оқушылармен «Отбасы - бақыт мекені», «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем», «Өмірің өз қолыңда», «Мен жақсы көремін», «Ашуды жеңу жолдары», «Өзіңнің көңіл күйіңе әсер ет» деген тақырыптарда тренингтер, кездесулер, сұхбаттасулар өткізілді.

Мұғалімдермен жұмыс. Мектептің педагогикалық ұжымымен «Эмоциялар мен сезімдер», «Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті», «Кәсіби іс-әрекеттегі күйзелістік жағдайлардың тұлғаға ықпал ету ерекшеліктері» тақырыптарында тренингтер ұйымдастырылды.

Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналар жиналыстарына сынып жетекшілердің сұранысы бойынша қатысып, жекелеген сұрақтарға жауаптар беріліп отырды.

Әлеуметтік педагогпен және медбикемен жүргізілген жұмыс.

Мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімі реттеліп, жеке жұмыс жүргізілді. Мектеп бақылауына алынған оқушылармен жеке тәрбиелеу жұмыстары ұйымдастырылды.

Мектеп медбикесімен орта және жоғары буын қыз балаларымен сұхбат ұйымдастырылып, «Қыз баланың жеке гигиенасы», «Салауатты өмір салты», «Ерте жүктіліктің алдын алу» (жыныстық жетілу бойынша 8-11 сыныптар қыз балалармен) тақырыптарында кездесулер өткізілді.